

Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы «05» тамыз № 191  
қаулысына қосымша

**«Бейімбет Майлин ауданы әкімдігі білім бөлімінің  
Валерьянов негізгі мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Бейімбет Майлин ауданы әкімдігі білім бөлімінің Валерьянов негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме.

3. Мектептің құрылтайшысы Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - Құрылтайшы).

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

5. Мектеп өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Конституциясын, Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді және осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Толық атауы: «Бейімбет Майлин ауданы әкімдігі білім бөлімінің Валерьянов негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Мектептің мекен-жайы: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Валерьяновка ауылы, Школьная көшесі, 36 үй.

**2. Мектептің заңдық мәртебесі**

8. Мектеп ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мектептің білім беру қызметіндегі құқығы оның сәйкестелінген Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте лицензия алған сәтінен басталады.

10. Мектеп мемлекеттік аттестацияны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес өтеді.

11. Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, Мектептің атауы мемлекеттік тілінде жазылған мөртабаны болады.

12. Мектеп басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

### **3. Мектеп қызметінің мәні мен мақсаттары**

13. Мектептің негізгі қызметінің мәні – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру бағдарламаларының орындалуы болып табылады. Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға құқылы.

14. Мектеп қызметінің мақсаты - ғылым мен тәжірибе жетістіктеріне жетуге, ұлттық және қоғамдық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы жалпы орта білім алуға қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

15. Мектеп мақсатына жету үшін Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру қызметтерінің түрлерін жүзеге асырады.

Мектепке жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттары түрлеріне сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мектеп қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мектеп басшысының Мектеппен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік жауапкершілікке әкеледі.

### **4. Мектептің міндеттері мен функциялары**

18. Мектептің негізгі міндеттері:

1) оқушылардың қосымша және өздігінен білім алу қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігіне, білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау жолымен ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отанына – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін оқып білу; мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) Оқыту үрдісіне жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану, білім беруді ақпараттандыру және халықаралық жаһандық коммуникация желісіне шығу.

19. Мектептің қызметтері:

1) жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттар негізінде тұлғаның жалпы мәдениеттілігін қалыптастыруға, қоғамдағы өмірге бейімделуіне, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауына және игеруіне негіз жасауға бағытталған білім мен тәрбие беру;

2) мемлекет, қоғам, азаматтардың білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

3) мемлекеттік органның құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

## 5. Мектепті басқару

20. Мектепті жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың Уәкілетті органы жүзеге асырады.

21. Мектеп Құрылтайшысының құзырына жатады:

1) Мектепті құру, қайта ұйымдастыру және тарату;

2) Мектепке мүлікті бекітіп береді;

3) Мектеп Жарғысын бекітеді, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

22. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиенушілерге, сондай-ақ жаң басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, мемлекеттік әлеуметтік көмек алмайтын отбасыларға және ата-ана қамқорынсыз қалған отбасыларда тұратын балар мен жетім балалар және білім беру басқармасының коллегиялық органымен анықталатын басқа санаттағы білім алушылар мен тәрбиенушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат бағыттау;

- 3) Мектеп қызметі бағдарламаларын бекіту;
- 4) еңбек заңнамасына сәйкес Мектептің құрылымы мен шекті штаттық санын бекіту;
- 5) мектептің мүлкін бекіту және мүліктің тиімді қолдануы мен сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 6) Мектеп басшысының құқықтары мен міндеттерін, қызметтерін, оның атқаратын лауазымынан босатылу негіздемесін анықтау;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа қызметтерді жүзеге асырады.

23. Мектеп оқу-тәрбие үрдісін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, ғылыми, қаржы-шаруашылық және басқа да қызметтерді Қазақстан Республикасы заңнамасымен, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережелеріне және осы Жарғы белгілеген шекте өздігінен жүзеге асырады.

24. Мектептің медициналық қызметін аудандық орталық ауруханасының медициналық қызметкері қамтамасыз етеді. Медициналық персонал әкімшілікпен және педагогикалық персоналдармен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығы мен дене құрылымының дамуына, сауықтыру – профилактикалық іс-шаралар өту, санитарлық – гигиеналық норманы сақтауды жауапкершілікке алады.

25. Мектеп жалпы басқаруды алқалық басқару органы – мектептің педагогикалық кеңесі (әрі қарай - Педкеңес) жүзеге асырады. Педкеңес құрамы мен оның қызметі бекітілген үлгі ережелермен Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен анықталады.

26. Мектепті тікелей басқаруды Уәкілетті орган конкурстық негізде тағайындаған басшысы жүзеге асырады. Мектеп басшысы (әрі қарай - Басшы) өз қызметін Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңында және басқа нормативтік актілерде белгіленген қызметтік міндеттеріне сәйкес жүзеге асырады.

27. Мектеп басшысы мектеп жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей Уәкілетті органға бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа) және Мектепке жүктелген міндеттерді орындауға және қызметтерді жүзеге асыруға жеке жауап береді.

28. Мектеп басшысы дара басшылық принциптеріне сүйеніп жұмыс істейді және Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен анықталған құзыретіне сәйкес, Мектеп жұмысының мәселелерін өз бетінше шешеді.

29. Мектеп басшысы Уәкілетті органның келісімі бойынша өз орынбасарларын тағайындайды және қызметтен босатады.

30. Мектептің қызметін жүзеге асыру барысында Мектеп басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мектеп атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мектептің мүддесін білдіреді;
- 3) өзінің өкілеттік шегінде мүлікке иелік етеді;

- 4) шарттар жасайды;
- 5) сенімхаттар береді ;
- 6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) Мектеп қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

9) өз орынбасарының және Мектепті басқаратын басқа да қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттілік шегін анықтайды;

10) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен, Уәкілетті орган мен Құрылтайшы жүктеген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

31. Мектеп басшысы мектеп ішінде немесе мектептен тыс жерлерде басқа да басшылық лауазымын (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) қатар атқаруға тыйым салынады. Мектеп басшысының лауазымдық міндеттері қоса атқарыла алмайды.

32. Мектеп басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, жеке жауапкершілікті тартады;

1) Мектептің оқушылары мен тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған қызметтерді орындамағаны;

3) мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының талаптарын орындамағаны;

4) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және қызметкерлердің Мектепте оқу-тәрбие үрдісі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметтің жағдайы, сонымен қатар материалдық қаражаттарын мақсатты пайдаланбағаны;

6) жемқорлыққа қарсы әрекетін қолданбағаны;

7) нормативтік-құқықтық актілерде және еңбек шарты талаптарында қарастырылған басқа да талаптарды бұзғаны үшін жауап береді.

## **6. Мектеп мүлкінің құрылу тәртібі**

33. Мектеп мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мектеп мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

34. Мектеп дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Мектепке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен

алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

36. Мектеп қызметі жергілікті орган бюджетінен қаржыландырады.

37. Мектеп қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілетті орган жүзеге асырады.

## 7. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру

38. Мектеп білім беру үрдісін оқу бағдарламаларының келесі білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік және орыс тілінде жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (мектепке дейінгі шағын орталық, (мектепалды даярлық сыныбы);

2) бастауыш білім беру;

3) негізгі орта білім беру;

4) жалпы орта білім беру.

39. Мектептің оқу-тәрбие қызметі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде дайындалған оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асады. Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігі құрамына кіретін пәндер бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындауды Мектептің өз бетімен жүзеге асыруына құқығы бар.

40. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады;

3) Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

41. Бастауыш білім берудің жалпы білім бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - төрт жыл.

42. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқушылардың ғылымның базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында

тұлға-аралық және этнос-аралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, тұлғаның өзін-өзі анықтауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Оқу бағдарламалары оқушылардың бейіналды даярлығын да қамтиды.

Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - бес жыл.

43. Мектептегі тәртіп оқушылардың, педагогтардың адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психологиялық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

44. Мектептегі тәрбие беру бағдарламалары оқу үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады және оқушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілігін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

45. Мектепте нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін басқа да идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

46. Мектепте тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен тілдер туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Мектепте білім беру қызметі қазақ және орыс тілінде жүзеге асырылады. Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ орыс тілін және таңдауы бойынша шетел тілдерінің біреуін оқытуды қамтамасыз етеді.

47. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің республика, облыс, қала көлеміндегі кез келген оқу орнының сәйкес сыныбына ауысу құқығы сақталады.

48. Мектепте оқыту үрдісін ұйымдастыру жұмыстық оқу жоспары негізінде құрылып, сабақ кестесімен реттеледі. Кестеде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

49. Оқу жылының басталуы мен аяқталуын және демалыстардың ұзақтығын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен белгіленеді.

50. Мектепке дейінгі шағын-орталықтың қызметі, тәрбие-білім беру үрдісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілген тиісті білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережемен реттеледі.

## **8. Білім алушылардың білімдерінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру**

51. Білім алушылардың білімдерінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру, түрлері мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнама тәртібімен бекітілген Типтік ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

## **9. Ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі**

52. Мектеп білім берудің мемлекеттік стандарты талабынан аса ақылы негізде құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту) іске асыруға;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер сабақтары және сабақтардың циклдері бойынша жеке оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруға;

3) пәндер бойынша оқушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыруға;

4) оқушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсынуға;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, оқушылар мен тәрбиеленушілердің, Мектепте өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге;

7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

53. Ақылы білім беру қызметтері мемлекеттік білім беру тапсырысының шегінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орынына айырбасталуы мүмкін емес. Ақылы білім беру қызметтері білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органымен анықталған Уәкілетті органымен келісілген тәртіпте және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар негізіндегі жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша көрсетіледі.

54. Ақылы білім беру қызметтері оқушылар мен (немесе) тәрбиеленушілерге ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің тілегі бойынша Мектеп пен оқушы мен (немесе) тәрбиеленушінің ата-аналары, немесе басқа заңды өкілдері арасында жасасқан шарт негізінде жеке кесте бойынша көрсетіледі.



55. Оқушы және (немесе) тәрбиеленуші ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызметтерінен бас тартуы оқушыны және (немесе) тәрбиеленушіні басқа сыныпқа (топқа) немесе мектепке (мекемеге) көшіруге немесе мектептен шығаруға негіз болып табылмайды.

56. Ақылы білім беру қызметтерді көрсету үшін оқушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің ата-аналарынан немесе басқа заңды өкілдерінен ақша алу, тараптардың келісімі негізінде фискальды жадылы бақылау-кассалық машиналарын міндетті түрде қолданған кассалық кіріс ордері негізінде жүргізіледі.

57. Ақылы білім беру қызметінің құны Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қызметкерлердің тиісті санаты үшін жалақы мен қосымша ақы төлеу ставкасын, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін, сағаттар санын, қосымша сабақтардың сапалылығын және мазмұндылығын есепке ала отырып, тараптармен анықталады.

58. Мектептің ақылы білім беру қызметтерін іске асырудан алынатын қаражаттар Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген қаржылық, материалдық және валюталық түсімді қолдану тәртібінде белгіленген мақсаттарға бағытталады.

## **10. Оқушылардың, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдерінің мектеппен қарым-қатынасын регламенттеу және ресімдеу**

59. Мектептегі білім беру үрдісіне қатынасушылар педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, тәрбиеленушілер, олардың ата - аналары басқа заңды өкілдері болып табылады.

60. Мектеп басшылары азаматтарды Мектепке қабылдау кезінде оны және оның ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін осы Жарғымен, білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін лицензиямен, қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

61. Оқушыларды және тәрбиеленушілерді Мектепке оқуға қабылдау және Мектептен шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген ұйымның типтік білім беру ережелері негізінде жүзеге асырылады;

62. Мектепте оқушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуына;

2) Мектептің Педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне қарай ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін, білімдер алуына;

- 5) Мектептің басқару ісіне қатысуға;
- 6) жарғылық талаптары мен білім деңгейіне сәйкес болған жағдайда жалпы орта білім беру мекемесіне (таңдауы бойынша) түсуге және ауысуға;
- 7) Мектептің ақпараттық қызметін тегін пайдалануға, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте оқулықтармен қамтамасыз етілуіне;
- 8) кітапханамен, компьютерлік сыныптар, оқу, акт, спорт залдарымен ақысыз пайдалануға;
- 9) өз көзқарастары мен сенімін білдіру еркіндігіне;
- 10) өзінің адамшылық абыройын сыйлауға;
- 11) оқудағы, шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадақтау мен сыйлық алуға;

63. Оқушылар мен тәрбиенушілер міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандартына сәйкес білімді, практикалық дағдылар мен біліктіліктерді және құзырлылықты меңгеруге, ішкі тәртіп ережесін сақтауға;
- 2) Мектеп Жарғысының талаптарын орындауға;
- 3) өздерінің денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және тән саулығын өздігінен ұмтылып жетілдіруге;
- 4) Мектеппен құрылған киім үлгісін сақтауға;
- 5) адал ниетпен оқуға және Мектеп мүлкіне мұқият қарауға;
- 6) педагог қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін, Мектептің дәстүрлерін құрметтеуге.

64. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып Мектепті таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы Мектепті басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;
- 5) балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- 6) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулерін алуына құқығы бар.

65. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) бес (алты) жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, ал алты (жеті) жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
- 3) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Мектепке көмек көрсетуге;

4) Мектептегі балаларды сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

5) Мектептің Жарғысын сақтауға және өз балаларының тәрбиесі мен оқуына жауапкершілікке алуға міндетті.

66. Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте білім берудің сапасына және оның мемлекеттік стандартқа сәйкестігіне, білім беру үрдісін ұйымдастыруда қолданатын нысандардың, әдістер мен құралдардың оқушылардың жасына, психофизикалық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, икемділіктеріне, мүдделеріне, барабарлығына, өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарына жауап береді.

67. Мектепте оқушылардың келісімінсіз, жалпы білім беретін бағдарламалары, оқу жоспары және осы Жарғыда қарастырылмаған жұмыстарға қатыстыруға, қоғамдық, қоғамдық-саяси және діни ұйымдарға, партиялар мен қозғалыстарға, сондай-ақ осы ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлеуге және үгіт-насихат компаниялары мен саяси акцияларға тартуға рұқсат етілмейді.

68. Мектеп зайырлы білім беру мен діни білім берудегі ара қашықтық принципін сақтауға міндетті.

## **11. Мектеп қызметкерлерінің штатын толықтырудың тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері**

69. Қызметкер мен мектептің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

70. Мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, ішкі тәртіп ережелері мен лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

71. Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі. Мектепте жұмыс істеуге педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

72. Мектептің педагогикалық қызметкерінің:

1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогтік қызметке;

4) тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) Мектепті басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

10) Мектеп әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

11) жыл сайынғы ақы төленетін, ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін, еңбек демалысын алуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқығы бар.

73. Педагог қызметкері:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) Мектептің Жарғысын орындауға және балалардың оқыту мен тәрбиелеуіне жауапкершілікті тартуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтуге міндетті.

## **12. Мектептің жұмыс тәртібі**

74. Мектептің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **13. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

75. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшы енгізу мүмкін.

76. Мектептің Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

#### **14. Мектепті қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

77. Мектепті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **15. Мектептің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

78. Мектептің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

---